

## Лицензиялау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңы. Күші жойылды - 2007.01.11. N 214 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы N 214 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен күшін жояды.

Ескерту. Мәтіннен сөздер алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 , Бас тақырыбы жаңа редакцияда, кіріспе алып тасталды, мәтініндегі сөздер ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 1999.10.08. N 471 , мәтінде "тарау" деген сөздердің алдындағы "I-V" деген цифрлар тиісінше "1-5" деген цифрлармен ауыстырылды - 2005.06.09. N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

## 1 тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң лицензиялауға жататын қызметті немесе белгілі бір іс-әрекетті (операцияларды) мемлекет тарапынан лицензиялауға байланысты қатынастарды р е т т е й д і .

2. Бұл Заң азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың арасында жасалған лицензиялық шарт аясында лицензия беруге байланысты қ а т ы н а с т а р д ы р е т т е м е й д і .

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.04.15. N 45 Заңымен .

### 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілік талаптары - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға үміткер жеке және заңды тұлғалар сай келуге тиісті талаптар;

2) лицензиар - лицензияны беретін, қайта ресімдейтін, оның қолданылуын тоқтата тұратын, тоқтататын және жаңғыртатын тиісті уәкілетті мемлекеттік

о р г а н ;

3) лицензиат - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

4) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға тиісті уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.04.15. N 45 Заңымен.**

### **3-бап. Лицензиялаудың негізгі принциптері**

1. Лицензиялар беру лицензияның осы түрі үшін белгіленген талаптарға сай келетін барлық адамдар үшін бірдей негіздер мен тең шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік кәсіпорындарға басым лицензиялар беру құқығына тыйым салынады, бұған заң актілерімен мемлекеттік монополияға жатқызылған қызмет түрлері кірмейді.

2. Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар (жеке кәсіпкерлер) лицензияны заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен алады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне лицензия берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге хақылы.

3. Бәсекелестікті шектеу немесе кәсіпкерлердің қандай да бір топтарына олардың меншік нысандарына, ведомстволық мүдделеріне не болмаса орналасқан жеріне қарай артықшылықтар беру мақсатында лицензия беруге тыйым салынады.

Лицензия беру монополизмнің күшеюіне немесе кәсіпкерлік қызмет еркіндігін шектеуге себепші болмауға тиіс.

4. Лицензиялар иеліктен алынбайды, яғни, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, лицензиат оларды басқа жеке немесе заңды тұлғаларға бере алмайды.

5. Лицензиялар алу осы Заңда лицензиялау көзделген қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру және іс-әрекет (операциялар) түрлерін ғана атқару үшін қажет.

6. Қызмет түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу немесе оны жою мемлекеттік қауіпсіздік, мемлекеттік монополияны іске асыру, құқық тәртібін

камтамасыз ету, айналадағы ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында осы Заңмен белгіленеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 -1 Заңымен, 1998.07.10. N 283 заңымен, 1999.10.08. N 471 Заңымен, 2005.04.15. N 45 Заңымен.

#### 4-бап. Лицензиялардың түрлері

Лицензиялар мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

##### 1. Субъектілер бойынша:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына берілетіндер;

2) шетелдік заңды тұлғаларға, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдар мен халықаралық ұйымдарға берілетіндер.

##### 2. Қызмет көлемі бойынша:

1) бас - қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға, мерзіміне шек қойылмай, егер олар бірыңғай технологиялық кешенге енетін болса, қызметтің бірнеше түріне бас лицензия беруге жол беріледі;

2) бір жолғы - рұқсат етілген көлем, салмақ немесе мөлшер (заттай немесе ақша түрінде), сондай-ақ капиталдың қозғалысына байланысты, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін 180 күннен артық мерзімге төлемді кейінге қалдыруды не аванстық төлемді көздейтін экспорт-импорттық мәмілелер бойынша жүргізілетін операциялар үшін Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында белгіленген мерзім шегінде белгілі бір шаруашылық операциясын жүргізуге, Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген мерзім шегінде ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерімен айналысуға берілетіндер. V032469 ( 5-тарау ; 51, 54, 55-тармақтар

3) операциялық - банк қызметінде белгілі бір операциялар жасауға және валюталық заңдармен белгіленген валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар берілетіндер. Z960054 ( 1-1-бап , 7) тармақша)

3. (алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )

##### 4. Қолданылатын аумақтық аясы бойынша:

1) қолданылуы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағымен

ш е к т е л е т і н ;

2) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылатын;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қолданылатындар.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 заңымен , 1999.10.08. N 471 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2003.05.08. N 411 , 2007.12.01. N 220 ( 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **5-бап. Лицензиялауды жүзеге асырушы органдар**

1. Өтініш берушіге лицензия беруді Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленетін және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін лицензиарлар жүргізеді. Z980258 ( 4-бап , 5) тармақша; P951894 )

1-1. Лицензиялау саласындағы тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. (алып тасталды - 1997.12.08. N 200 Заңымен)

2. Белгілі бір кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысуға, мұндай қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қарамастан заңмен көзделгеннен басқа жағдайларда лицензиялар беруді бір орган жүргізеді. P951894

3. Лицензиарларға лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерін лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша тиісті аумақтық бөлімшелерге беруге рұқсат етіледі. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерге бергені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен , 1998.07.01. N 259 Заңымен , 1998.07.10. N 283 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .

#### **6-бап. Лицензиялардың нысандары**

Лицензиялардың берілетіндерінің нысандарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жасауға арналған лицензияның нысандарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Осы Заңның 11-бабының 1), 3)-5) тармақшаларында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын - қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Халық Банкі, ал осы Заңның 11-бабының 2) тармақшасында көзделген қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын аудиторлық қызмет пен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен , 1997.12.08. N 200 Заңымен , 1999.07.16. N 436 Заңымен , Республикасының 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2003.07.10. N 483 Заңымен , 2004.07.07. N 577 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен , 2006.05.05. N 139 Заңдарымен.

#### **7-бап. Лицензия және басқа да құқық белгілеуші құжаттар**

1. Қандай да бір қызметті немесе белгілі бір іс-әрекетті (операцияларды) жүзеге асыру үшін лицензиядан басқа өзге де рұқсат алу талап етілетін болса (жер учаскесін бөліп беру және басқалар), мұндай рұқсаттар лицензия алғаннан кейін беріледі.

Лицензия болмаған жағдайда рұқсат жарамсыз деп есептеледі.

2. Мемлекеттік органның, кредиттік серіктестіктердің, өзара сақтандыру қоғамдарының, Ұлттық почта операторының, сондай-ақ Қазақстан Даму Банкінің Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өкілеттіктері шегінде жүргізетін қызметін (операцияларын) қоспағанда, қызметті жүзеге асыруға немесе лицензиялауды талап ететін белгілі бір іс-әрекеттерді (операцияларды) жасауға лицензия болған кезде ғана жол беріледі.

3. Лицензия болмаған жағдайда жасалған мәмілелер жарамсыз деп есептеледі.

Егер лицензия алу талабы мәміле жасалғаннан кейін қойылса, заңда басқадай көзделмегендіктен бұл мәміленің күші сақталады.

Лицензияның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату немесе қайсыбір өнімді белгілі бір мемлекеттерге шығаруға эмбарго (тыйым) салу, егер заңдарда

басқадай көзделмесе, осыған дейін жасалған мәмілелерге қолданылмайды.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.10.08. N 471 , 2005.04.15. N 45 , 2005.07.08. N 69 , 2005.12.23. N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. N 164 Заңдарымен.**

## **8-бап. Шетелдік заңды немесе жеке тұлғаларға берілетін лицензиялар**

Шетелдік заңды немесе жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар лицензияны, егер заң актілерінде басқадай көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына қойылатын шарттар бойынша және нақ сондай тәртіппен алады.

## **2 тарау. Міндетті түрде лицензиялауға жататын қызмет түрлері**

### **9-бап. Аса қауіпті объектілерге байланысты және (немесе) ерекше маңызды мемлекеттік мәні бар қызметті лицензиялау**

1. Кәсіпкерлік қызметтің мынадай түрлері үшін лицензияның болуы талап е т і л е д і :

1) егер олар басқа салаларда пайдаланылмайтын болса, қару-жарақ пен оның оқ-дәрісін, ақпарат қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, әскери техниканы, босалқы бөлшектерді, оларды құрастыратын элементтер мен приборларды, сондай-ақ монтажды, ретке келтіруді, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату; P970967 P011247

2) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру және сату; P020763

3) **(алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )**

4) ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі барлық қызмет түрлері, оның ішінде ракета-ғарыш техникасын жасау, өндіру, пайдалану, жөндеу мен жетілдіру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жер үсті инфрақұрылымдары (полигон, командалық-өлшеу кешені, стенділік база және басқалар) пайдалану; P000431

5) байланыс саласында телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөнінде қызметтер жасау және көрсету, жалпы республикалық магистральдық, халықаралық байланыс жолдарын жобалау, салу, байланыс желілері мен жолдарын техникалық пайдалану; P040998

6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес атом энергиясын пайдалануға байланысты барлық қызмет түрлері;

7) құрамында оларды арнайы қорғану құралдарын қолданбай-ақ пайдалануға жол берілетін нормадан артық мөлшерде радиоактивтік заттар болатын өнімді дайындау және сату;

8) электр және жылу қуаттарын өндіру, беру және бөлу; P990556

9) (алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )

10) босаған әскери-техникалық құралдарды жою (күрту, кәдеге жарату, көму) және ұқсату;

11) жарылу-өрттену қаупі бар және тау-кен өнеркәсібі өндірістерін, электр станцияларын электр желілері мен көмекші станцияларын, гидротехникалық құрылыстарды, магистральды газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін қазандықтар, сауыттар мен өткізгіш құбырларды және мұнай мен газ бақылау жұмыстарын жобалау және пайдалану. Өндірістердің, жабдықтардың, объектілердің, жұмыстардың (қызметтердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді; P951894  
P 9 9 0 5 5 6

12) химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, кен-шахта металлургиялық, энергетикалық жабдықтарын, жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтарды, бақылау, аварияға қарсы қорғау және белгі беру аппаратуралары мен жүйелерін, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін қазандықтарды, сауыттар мен өткізгіш құбырларды және мұнай мен газ бұрғылау жұмыстарын жобалау, дайындау, монтаждау және жөндеу; P 9 9 0 5 5 6

12-1) мұнай өнімдерін өткізу; P990556

13) (алып тасталды - 1999.10.08. N 471 Заңымен )

14) азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын суық қаруды, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданатын бұйымдарды, сондай-ақ химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау; Z980339 ; P020787

15) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерге газ жүргізу, жөндеу және құрылыс жұмыстары; Р990556

16) күзет, өрт белгісін беру құралдары мен өртке қарсы автоматиканы жобалау, монтаждау, ретке келтіру және техникалық күтім жасау, өртке қарсы техниканы, жабдықтарды және өрттен қорғану құралдарын өндіру; Р991507

17) жолаушылар лифтілерін монтаждау, жөндеу және оларға күтім жасау; Р 0 2 0 0 2 3

18) (алып тасталды - 2005.04.15. N 45 Заңымен )

19) рентген жабдығын, радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру және сату;

20) жолаушыларды және жүктерді темір жол, өзен, теңіз, әуе көлігімен тасымалдау; жолаушыларды және жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау; қауіпті жүктерді барлық көлік түрлерімен тасымалдау; авиациялық жұмыстар; Р961621 ; Р970885 ; Р980714 ; Р020695

21) (алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )

22) (алып тасталды - 2005.04.15. N 45 Заңымен )

23) (алып тасталды - 1999.10.08. N 471 Заңымен )

24) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын техникалық жағынан қорғау, соның ішінде ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын, ақпаратты өңдеудің қорғалған техникалық құралдарын әзірлеу, дайындау, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану, сақтау, жөндеу және оларға сервистік күтім жасау жөніндегі қызметтің барлық түрлері;

25) (алып тасталды - 2000.07.05. N 79 Заңымен )

26) жерге орналастыру, топография-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу; Р001481

27) (алып тасталды - 1998.07.09. N 277 Заңымен )

28) фармацевтикалық қызмет: дәрілік заттарды өндіру, дайындау, оларды көтерме, бөлшек саудада сату; Р001624

29) минералдық шикізатты өңдеу (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеуді қоспағанда); ( Р951894 ; Р990556 қараңыз )



30) жобалау-іздігіру, сарапшылық, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстар;

Р 0 2 0 0 2 3

30-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту есебінен тұрғын жай құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

31) өлшем құралдарын өндіру және жөндеу; Р000867

32) этил спирті және алкоголь өнімін өндіру, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек саудада сату; Р991258

33) (алып тасталды - 1998.07.09. N 277 Заңымен )

34) жекелеген кеден режимдері шеңберінде, Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ кеден қызметтерін көрсету; К030401 ( 6-бөлім , 116-бап. Кедендік режимдердің түрлері , 3) тармақша) 136 -140-баптар; 4) тармақша 146 -150-баптар; 16) тармақша 247 - 2 5 1 - б а п т а р

35) (алынып тасталды 2005.04.15. N 45 Заңымен)

36) шетел жұмыс күшін тарту, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шет елдерге шығаруға байланысты қызмет;

37) заңды тұлғалардың түсті және қара металл қалдықтары мен сынықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, ұқсатуы және өткізуі; Р000383 ; V990916

38) сот-сараптама қызметі ;

39)- 41) (алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )

42) археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары ;

43) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет: Z980279 ; Р001693

өзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, бөлу, с а т у , п а й д а л а н у , ж о ю ;

құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау;

44) электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу ;

45) астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиіп жөнелту;  
P 0 0 0 2 7 3 ; V 0 0 1 1 2 4 ;

45-1) шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы өңдеу;

46) туроператорлық, турагенттік қызмет, туризм нұсқаушысының қызметтер көрсетуі ; P 0 1 1 2 1 3

47) темір жолдың жылжымалы құрамын жасау және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу;  
P 0 2 0 7 9 4 ; V 0 4 2 7 2 0

48) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты қызмет: жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу, пайдалану; P 0 1 0 1 3 6 ; P 0 3 0 3 1 8

49) іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстар ;

50) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша оларды өндіру, өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою; P990556

51) банкроттық процедураларында төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызмет ;

52) кемелерге, жолаушылар мен жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз және өзен порттарының қызметі ; <\*>

53) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және қолдану жөніндегі қызмет; V 0 4 2 7 0 1

53-1) тіркеу сынақтарына, өндірістік сынақтарға және ғылыми зерттеулерге арналған тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, пестицидтерді (улы химикаттарды)

және оларды өндіруге арналған бастапқы компоненттерді әкелу;

54) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау; P040392

55) мемлекеттік орман қорының учаскелеріне орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау және бөрене кесу жөніндегі жұмыстар; P031018

56) арнайы су пайдалану, соның ішінде: P040084

а) ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық өсіру және көлік қажеттері үшін тәулігіне елу текше метрден жоғары көлемде жер үсті су объектілерінен су алу және пайдалану;

б) жер үсті су объектілерінен кейінгі су пайдаланушыға су алу және беру;

57) темекі өнімдерін өндіру; P040618 ; V042908

58) алып тасталды

59) алып тасталды

60) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызмет көрсету .

2. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы жөніндегі қызметті лицензиялаудың ерекшеліктері арнайы заңдармен белгіленеді. Z970160

P 9 9 1 2 5 8

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.20. N 2370 жарлығымен , 1995.07.20. N 2375 жарлығымен , 1995.12.23. N 2720 Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1996.06.10. N 5-1 Заңымен , 1997.01.21. N 68-I Заңымен , 1997.04.07. N 89 Заңымен , 1997.06.13. N 121-I Заңымен , 1997.07.11. N 154 Заңымен , 1998.07.09. N 277 Заңымен , 1998.07.09. N 280 Заңымен , 1998.07.10. N 283 Заңымен , 1998.12.09. N 307 Заңымен , 1998.12.30. N 343 Заңымен , 1999.07.16. N 430 Заңымен , 1999.08.11. N 467 , 1999.10.08. N 471 Заңымен , 1999.11.29. N 488 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2001.01.15. N 141 Заңымен , 2001.06.13. N 212 Заңымен , 2001.12.15. N 272 Заңымен , 2002.01.17. N 285 Заңымен , 2002.07.10. N 342 Заңымен , 2003.04.07. N 403 Заңымен (бұл өзгеріс 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді), 2003.05.08. N 410 Заңымен , 2003.06.04. N 429 Заңымен , 2003.07.01. N 449 Заңымен , 2004.01.13. N 523

Заңымен , 2004.03.10. N 534 Заңымен , 2004.05.06. N 550 Заңымен , 2004.07.05. N 568 Заңымен , 2004.07.09. N 584 Заңымен , 2005.04.15. N 45 , 2006.07.07. N 176 , 2006.07.07. N 181 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді), 2007.01.09. N 213 Заңдарымен.

**10-бап. Азаматтарға және заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты қызметті лицензиялау**

Азаматтарға және заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты мынадай қызмет түрлері лицензиялауға жатады:

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметі; P000596 ; V011600

1-1) білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету бойынша ; <\*>

2) медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу; P971272 ; P010767 ;

2-1) ветеринария саласындағы қызмет: ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу; ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды өткізу; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізу; ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызмет; ( P971272 қараңыз)

3) мемлекеттік емес субъектілердің із кесу (детективтік) қызметіне байланысты заң қызметін көрсетуі;

4) адвокаттық қызмет; P020254 ; P981325

5) (алып тасталды - 2005.04.15. N 45 Заңымен )

6) нотариаттық қызмет; P020254 ; P981325

6-1) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызмет; P040202

7) лотереялар (мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа) ұйымдастыру және оларды өткізу; P990939 P011432 V990942

7-1) ойын бизнесі саласындағы қызмет; P011432

- 8) (алып тасталды - 2000.07.05. N 79 Заңымен )  
9) (алып тасталды - 1998.07.10. N 283 заңымен )

10) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет ;

10-1) заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы; P991507  
V 0 4 2 8 2 6

10-2) (алып тасталды - 2005.04.15. N 45 Заңымен )

11) кредиттік бюроның қызметі.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1997.04.07. N 89-I Заңымен , 1997.06.09. N 116-1 Заңымен , 1998.07.10. N 283 Заңымен , 1998.12.09. N 307 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2003.01.08. N 371 Заңымен , 2003.07.04. N 470 Заңымен , 2004.07.06. N 572 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .

### **11-бап. Қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау**

Қаржы қызметі мен қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметтің мынадай түрлері міндетті түрде лицензиялауға жатады:

1) банк операцияларын , сондай-ақ банк заңдарына сәйкес банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүзеге асыратын өзге де операцияларды жүзеге асыру, клирингтік және есеп айырысу ұйымдарының қызметі ;

2) аудиторлық қызмет ;

2-1) (алып тасталды - 2006.05.05. N 139 Заңымен )

3) "өмірді сақтандыру" саласындағы және "жалпы сақтандыру" саласындағы қызмет, қайта сақтандыру жөніндегі қызмет, сақтандыру брокерлерінің қызметі , сақтандыру рыногындағы актуарийлік қызмет . V032579 2-тарау 10-тармақ

4) депозитарийлік қызметті қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет; Р 9 7 0 2 9 3 V 9 7 0 3 9 0

5) зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет; Р 9 7 1 3 9 6

6) - 8) (алып тасталды - 2004.07.07. N 577 Заңымен )

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен , өзгеріс енгізілді - 1997.06.19. N 134-I Заңымен , 1998.07.10. N 282 заңымен , 1999.07.16. N 436 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2000.12.18. N 128 Заңымен , 2001.03.02. N 162 Заңымен , 2001.07.04. N 466 Заңымен , 2003.07.10. N 483 Заңымен , 2004.07.07. N 577 Заңымен , 2005.07.08. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен , 2006.05.05. N 139 Заңымен.

**11-1-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау және валюталық операцияларды лицензиялау**

Лицензиялауға :

1) бөлшек сауда-саттықты жүзеге асыру және қолма-қол шетел валютасын алып қызмет көрсету ;

2) валюталық операцияларды жүзеге асыру жатады. V011561 V032436 V 0 3 2 4 6 9

Ескерту. 11-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі), бап жаңа редакцияда - 2003.05.08. N 411 Заңымен , 2005.06.09. N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**3 тарау. Тауарлар (жұмыс пен қызмет) экспорты мен импортын лицензиялау**

**12-бап. Жалпы ережелер**

1. Жекелеген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты лицензиялар бойынша жүзеге асырылады. V042831

Мемлекеттік қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету айналадағы ортаны, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау тұрғысынан алғанда лицензиялауға жататын тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) тізбесін, сондай-ақ экспорт-импорт операцияларын жасауға лицензиялар беру мен ресімдеу тәртібін

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. P971037 N 2 , N 3 , N 4 , N 5  
қосымшалар P 9 7 1 0 3 7 P 9 9 1 9 1 9

2. (алып тасталды - 1999.10.08. N 471 Заңымен )

3. Лицензия өтініш жасаушыға әрбір жекелеген мәміле бойынша экспорт немесе импорт операцияларын жүзеге асыру үшін күнтізбелік бір жыл кезеңге беріледі. Лицензияның иесі лицензия берген органдарға ескерте отырып, одан б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Бас лицензия бойынша белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге кіретін және сол қызмет түрінде тұрақты пайдаланылатын жекелеген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) импортына (келісім-шарттар санына қарамастан жыл сайынғы импорттау көлеміне) берілетін лицензия қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

4. Өтініш жасаушының дәлелді тілегі бойынша бір жолғы лицензияның қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

5. Бір жолғы лицензия оларда көрсетілген мерзімде тауарлардың (жұмыс, қызмет) экспорты мен импортына берілген рұқсат болып табылады және өнімді кедендік ресімдеу үшін негіз болады.

6. Лицензия контрактыға енгізілген тауарлар атауларының санына қарамастан тауардың (жұмыстың, қызметтің) бәр түріне беріледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 жарлығымен , 1999.10.08. N 471 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .

### **13-бап. Тауарлар (жұмыс, қызмет) экспортын лицензиялау ерекшеліктері**

1. Экспорт операциялары мынадай жағдайларда лицензияланады:

1) экспортқа шығарылатын зат ішкі нарықта сатылуы (өткізілуі) лицензия негізінде жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыс, қызмет) болса;

2) сол тауарды (жұмысты, қызметті) өндіру мен сату мемлекет монополиясы болса. Қызмет түрін мемлекет монополиясына жатқызу Қазақстан Республикасының заң актілерімен жүзеге асырылады.

2. Тауарлар (жұмыс, қызмет) экспортын өзге негіздер бойынша, соның ішінде ішкі тауар және азық-түлік нарығын тұтынушылардың мүдделерін қорғау және соған байланысты тапшы тауарларды шетелге шығаруды шектеу себептері

бойынша лицензиялау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізеді.

Р 9 9 1 9 1 9

3. Тауарды (жұмысты, қызметті) бір мемлекетке шығару үшін берілген лицензияларды сол тауарды (жұмысты, қызметті) басқа мемлекетке шығару үшін п а й д а л а н у ғ а б о л м а й д ы .

4. Белгіленген тәртіпті бұзып берілген лицензия жарамсыз деп саналады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.10.08. N 471 Заңымен .**

#### **14-бап. Тауарлар (жұмыс, қызмет) импортын лицензиялау**

Қазақстандық тауар өндірушілердің ішкі нарықтағы мүддесін қорғау мақсатымен тауарлар (жұмыс, қызмет) импортын лицензиялау тәртібін енгізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті, құқық тәртібін және мемлекеттің жоғары лауазымды адамының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды олардың құзыреті шегінде тауарлардың (жұмыстар мен қызмет көрсетулердің) импортын лицензиялау тәртібінен босатуға құқылы.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.10.08. N 471 Заңымен .**

### **4 тарау. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі**

#### **15-бап. Лицензия беру шарттары**

Лицензияланатын қызметпен айналысу құқығына лицензия қызметтің осы түріне қойылатын талаптарға біліктілік деңгейі сай келетін субъектіге беріледі.

Лицензияланатын қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы органдардың қорытындысын қажет ететін қызмет түрлерінің осы Заңға сәйкес лицензияланатын тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Лицензия берген кезде қоғамның, айналадағы ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, сондай-ақ өндірілетін өнім, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет сапасының кепілдігін қамтамасыз ететін өндіріс жағдайлары ескеріледі. Субъектінің (өтініш берушінің және (немесе)



лицензиаттың) біліктілік деңгейіне сәйкестігі белгіленген тәртіппен тіркелген заңды, жеке тұлғалар жүргізетін тәуелсіз сараптамалық бағалау негізінде белгіленуі мүмкін. P 0 4 0 7 7 8

Байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды пайдалана отырып қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметке лицензиялар конкурс негізінде берілуі мүмкін.

Банк қызметін жүзеге асыруға және банк операцияларын жасауға арналған лицензияларды беру үшін қажетті шарттар банк заңдарымен белгіленеді. Z 9 5 2 4 4 4 ; V 0 3 2 6 4 4 ( 2 - т а р а у )

Лицензиялар берудің, олардың қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру және валюталық операцияларды жүргізу жөніндегі біліктілік талаптары валюталық заңдармен белгіленеді. Z 9 6 0 0 5 4 ; V 0 3 2 4 6 9

Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің түрлері бойынша лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар рыногі туралы заңдармен белгіленеді. Z 0 3 0 4 6 1 ( 5 0 , 5 1 - б а п т а р ) ; P 9 7 0 2 9 3

Азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын суық қаруды, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданатын бұйымдарды, сондай-ақ химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру үшін қажетті шарттар жекелеген қару түрлерінің айналымына бақылау жасау туралы заңдармен белгіленеді. Z 9 8 0 3 3 9

Сақтандыру рыногының кәсіпқой қатысушыларына лицензиялар беру шарты мен тәртібі сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда белгіленеді. Z 0 0 0 1 2 6

Кредиттік бюроға лицензия беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарында айқындалады. Z 0 4 0 5 7 3

Зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензия берудің шарттары мен тәртібі

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарымен белгіленеді. Z970136 ; P971396 ; V043104

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында айқындалады.

Лицензиясын жоғалтқан жағдайда лицензиаттың дубликат алуға құқығы бар. Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензиар лицензияның дубликатын беруді он жұмыс күні ішінде орындайды. Бұл орайда лицензиат жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлейді.

Лицензияланатын қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс лицензияланатын қызмет түрі шеңберінде орындалатын операциялар мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, лицензиат лицензияны қайта ресімдеуге өтініш береді. Лицензиардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда лицензиат лицензияны қайта ресімдеген кезде лицензияланатын қызмет түрімен байланысты қосымша құжаттарды беруге міндетті.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда ол бұл туралы көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, бір ай мерзім ішінде лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы өзгерген (соның ішінде Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген), тұрған жері (егер ол лицензияда көрсетілген болса) өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса тіркей отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті. <\*>

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтінішін берген күннен бастап он күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді. K010209 (79-тарау); P020100

Шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия жұмыс беруші Қазақстан Республикасының шегінен тыс

жерлерден Республика аумағында жұмыс істеу үшін жалдайтын шетел азаматтарын тартуға арнап, Қазақстан Республикасының Үкіметі тұтастай және кәсіптік топтар бойынша белгілейтін квота ескеріле отырып беріледі. **Z010149 (1-бап 5-1-тармақ; 11-бап 1-тармақ)**

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.31. N 2447 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 282 заңымен, 1998.12.30. N 343 Заңымен, 1999.07.16. N 436 Заңымен, 1999.10.08. N 471 Заңымен, 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, 2000.12.18. N 128 Заңымен, 2001.03.16. N 164 Заңымен, 2001.12.24. N 276 Заңымен, 2002.11.14. N 352 Заңымен, 2003.03.13. N 394 Заңымен, 2003.05.08. N 411 Заңымен, 2004.07.05. N 568 Заңымен, 2004.07.06. N 572 Заңымен, 2005.04.15. N 45 Заңымен, 2005.06.09. N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, 2005.07.08. N 69, 2007.12.01. N 220 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **16-бап. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгіленген ү л г і д е г і а р ы з ;

2) өтініш берушінің осы Заңның 15-бабының талаптарына сәйкес келетіндігін р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р ;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (осы Заңның 18-бабы).

Бұдан басқа заңды тұлғалар үшін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі табыс етілуі қажет.

Заң актілерінде лицензияланатын қызметтің жекелеген түрлері жөніндегі құжаттар тізбесіне қосымша және арнаулы талаптар белгіленуі мүмкін.

Өтініш беруші құжаттарда берілген ақпараттың дұрыстығы, толықтығы және уақтылы берілуі үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауапты болады. K010155

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144-1 Заңымен, 1999.10.08. N 471 Заңымен, 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, 2001.12.24. N 276 Заңымен, 2005.04.15. N 45 Заңымен.**

## **17-бап. Лицензия беру туралы арызды қарау мерзімі**

Егер заң актілерінде өзгеше мерзім белгіленбесе, лицензиялар барлық қажетті құжаттарымен қоса арыз берілген күннен бастап бір ай мерзімнен, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірмей беріледі.

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 Заңымен .**

## **18-бап. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым**

Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленетін ставкалары, есептеу мен төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Р 0 2 0 1 0 0

Ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауды қоспағанда, қызметтің тиісті түрімен айналысатын бүкіл кезеңге лицензия беру лицензия берген кезде лицензиялық алымды бір жолғы төлеумен қоса жүзеге асырылады.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144-1 Заңымен , өзгеріс енгізілді - 1998.07.10. N 283 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2001.12.24. N 276 , 2007.12.01. N 220 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **19-бап. Лицензия беруден бастарту**

1 . Е г е р :

1) субъектілердің осы санаты үшін белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса;

2) осы Заңның 16-бабына сәйкес немесе басқа заң актілерімен талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе. Арыз беруші көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда арыз жалпы негіздер бойынша қаралады;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым төленбесе (осы Заңның 18-бабы);

4) өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;

5) арыз беруші жөнінде оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса, лицензия берілмейді.

Банк операцияларын, валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті және валюталық операцияларды жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартуға арналған өзге де негіздер банк және валюта заңдарымен белгіленуі мүмкін. Z952444 (27-бап); Z960054 ( 4-бап 4-тармақ); V032469 ( 1-тарау 7-тармақ )

Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі туралы заңдарда сақтандыру рыногының кәсіпқой қатысушыларына лицензия беруден бас тартудың өзге де негіздері белгіленуі мүмкін. Z000126

Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау саласындағы заңдармен азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын суық қаруды, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданатын бұйымдарды, сондай-ақ химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын жасауға, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға лицензия беруден бас тарту үшін өзге де негіздер белгіленуі мүмкін. Z980339

## 2. Мына себептер бойынша:

1) арыз берушіге лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын берудің жөнсіздігі;

2) өндіруге не сатуға лицензия талап етілетін тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) нарықта мол болуы;

3) нарықта монополиялық жағдайдың қамтамасыз етілуі;

4) арыз берушінің жеке басына және іскерлік беделіне күмәндану, соның ішінде бұрын сотталғандығы, егер тыйым салу мен қайтарып алу заңда белгіленген тәртіпке сәйкес өзінің қолданылуын тоқтатқан (өтелген) деп есептелсе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бұрын тыйым салынғандығы, мұның алдындағы лицензиялардың қайтарып алынуы себептерімен күмәндану бойынша лицензия беруден бастартуға тыйым салынады.

## 3. Лицензия беруге мынадай талаптарды:

1) мемлекет мұқтаждары үшін міндетті түрде тауарлар (жұмыстар мен

қызметтер) сатып алу туралы;

2) алынған лицензияға сәйкес өндірілген тауарларды (жұмысты, қызметті) белгілі бір тұтынушыларға өткізу не оларды республиканың белгілі аймақтарына жеткізу туралы, соның ішінде белгілі бір әкімшілік-аймақтық бөліністен тыс жерге немесе экспортқа шығарудан бастарту туралы талапты;

3) өндірілетін тауарға (жұмысқа, қызметке) белгілі бір баға (тариф, нарық) белгілеу туралы, соның ішінде оларды белгілі бір тұтынушыларға алдын ала белгіленген бағамен сату туралы талаптарды шарт етіп қоюға тыйым салынады.

4. Лицензия беруден бастартылған жағдайда арыз берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1997.07.02. N 144 -1 Заңымен, 1998.12.30. N 343 Заңымен, 1999.07.16. N 436 Заңымен, 1999.10.08. N 471 Заңымен, 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, 2000.12.18. N 128 Заңымен, 2001.12.24. N 276 Заңымен, 2005.04.15. N 45 Заңымен, 2005.06.09. N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.12.01. N 220 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **20-бап. Лицензия беруден бастартқаны үшін шағым жасау**

1. Егер лицензия осы Заңда немесе басқа да заң актілерінде белгіленген мерзімде берілмесе немесе бастарту арыз берушіге дәлелсіз болып көрінсе, ол бір ай мерзімде бұл әрекеттерге сот тәртібімен шағым жасауға құқылы. К990411 ; К010155 ( 149 -150-баптар)

2. Лицензия беруден негізсіз бас тарту немесе белгіленген мерзімде бермеу фактісін анықтағаннан кейін сот лицензия органын сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап он күн мерзімде лицензия беруге міндеттейтін шешім шығарады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 жарлығымен.

#### **21-бап. Лицензия қолданудың тоқтатылуы**

1. Лицензияның қолданылуы, тек мынадай жағдайларда:

1) лицензия берілген мерзім аяқталғанда;

2) лицензия берілген іс-әрекет (операциялар) жасалып, толық көлемінде жүзеге асырылғанда ;

3) лицензия қайтарып алынғанда ;

4) лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленетін жағдайлардан басқа, азаматтық кәсіпкерлік қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлғаның бір түрінің заңды тұлғаның екінші бір түрі болып қайта құрылуын (ұйымдық-құқықтық нысаны өзгеруін) қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда ;

5) лицензияны лицензиарға ерікті түрде қайтарғанда тоқтатылады.

2. (алып тасталды - 2000.07.05. N 79 Заңымен )

3. Лицензияны қолданудың тоқтатылуына байланысты дауларды соттар шешеді .

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 жарлығымен , Қазақстан Республикасының 2000.07.05. N 79 ( 2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2002.11.14. N 352 Заңымен , 2003.05.08. N 411 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .

### **22-бап. Лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтату**

1. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сот тәртібімен лицензияны мынадай жағдайларда :

1) осы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын талаптарды лицензиат орындамаса ;

2) лицензия алған қызмет түрімен лицензиаттың айналысуына сот тыйым салса ;

3) лицензиар лицензияның қолданылуын кідіртіп қойған себептер жойылмаса ;

4) лицензиат лицензия алу кезінде көрінеу жалған ақпарат берсе, қайтарып алуы мүмкін .

2. Лицензия осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша сотқа беру жолымен қайтарылып алынуы мүмкін.

3. Лицензиар кідірте тұру себебін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекше жағдайларда шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын сот шешімінсіз тоқтата тұруға талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

4. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге сотқа беру жолымен шағым жасауға құқылы. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың заңдылығы туралы сот шешімі болған жағдайда оны тоқтата тұру мерзімі лицензиар осындай шешім қабылдаған күннен бастап есептелсін.

5. Лицензияның қолданылуын тоқтату себептері жойылғаннан кейін лицензия қ а й т а д а н қ о л д а н ы л а д ы .

6. Жекелеген қызмет түрлерін реттейтін заң актілерінде лицензияны қайтарып алу мен оның қолданылуын тоқтата тұрудың өзге негіздері мен тәртібі к ө з д е л у і м ү м к і н .

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.23. N 2720 жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1997.12.08. N 200 Заңымен , 1999.10.08. N 471 Заңымен , 1999.11.29. N 488 Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .

**5 тарау. Лицензиялау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**

**23-бап. Шығындардың орнын толтыру**



Лицензия беруден орынсыз бас тартудан немесе лицензиаттың құқығын бұзудан туындайтын шығындардың орнын толтыру азаматтық заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. **К941000 ( 9-бап 4-тармақ)**

**24-бап. Лицензиялауға жататын қызметті лицензиялау туралы заңдарды бұзып жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік**

1. Тиісті лицензиясыз не лицензиялау нормалары мен ережелерін бұза отырып қызметпен айналысу заңдарда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауапқа әкеліп соқтырады.

2. (алып тасталды - 2005.04.15. N 45 Заңымен )

3. Лицензиарлар және олардың лауазымды адамдары лицензиялау туралы заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жауаптылықта болады. **К010155 )**

**Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.09. N 116-1 Заңымен , 1997.07.11. N 154 Заңымен , 1998.07.10. N 283 Заңымен , 1999.10.08. N 471 Заңымен , 1999.11.29. N 488 Заңымен , 2000.07.05. N 79 (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) (2000 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2005.04.15. N 45 Заңымен .**

**25-бап. Есепке алу және бақылау**

Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

Біліктілік талаптары мен белгіленген ережелердің сақталуын тексеруді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиар жүргізеді.

Медициналық және фармацевтикалық қызмет саласында лицензиялау ережелері мен біліктілік талаптарының сақталуын бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.10.08. N 471 , 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**26-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі**

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Заңның 11-1-бабының 2) тармақшасы 2006 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған мерзім бойынша қолданылады.

**Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.06.09. N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК